

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 3 (124)/2018, 115-121pp.
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz

XFTAP 03.61.91

Н.Г. Шаймердинова¹, Н.Р. Балабекова², Г.М. Адамбаева³

¹*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

³*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар мен инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан*

(E-mail: nurila1607@mail.ru¹, nakuta@mail.ru², adambayeva.g@mail.ru³)

Ұғымдық категорияның зерттелуі мен функциялары

Аннотация. Қазіргі замандағы өзекті мәселелердің бірі тілді функционалды тұрғыдан зерттеу болып табылады. Функционалды грамматиканың негізі болып табылатын ұғымдық категориялар ойлау санаттары мәселелеріне қызығушылық танытатындардың барлығының назарында болып отыр. Өйткені соңғы кезде тіл білімі ойлау мен ұғым жайлы негізгі ғылымдардың бірі болып саналады. Мақаланың мақсаты ұғымдық категорияның зерттелуін және тіл біліміндегі рөлі мен функциясын анықтау. Міндеті, ұғымдық категорияның функционалды-семантикалық зерттеулердің негізі екенін айқындау. «Ұғымдық категория» терминін тіл біліміне алғаш О. Есперсен енгізген, соңынан И. И. Мещанинов барынша дамытып, ұғымдық категориялардың жүйесін әзірлейді. Сонымен қатар, С.Д. Кацнельсон, В.Н. Ярцева, М.М. Гухман, А.В. Бондарко сынды ғалымдар аталмыш тақырыпты қолға алып, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ұғымдық категория болмыстың адам санасындағы көрінісі. Адам баласының өмір жайлы ұғым-түсініктері ортақ болғандықтан ұғымдық категория да жалпыға бірдей болады. Алайда ол тілге бағынышты емес, керісінше, тіл ұғымдық категорияға негізделеді. Яғни, тілдік категориялар ұғымдық категорияны көрсетеді. Семасиологиялық бағытта грамматикалық категориялар шақ категориясы, жақ категориясы, тәуелдік категориясы, септік категориясы, салыстырмалы шырай категориясы деп аталса, ономасиологиялық бағытта жоғарыдағы категориялар темпоралдық, поссессивтік, персоналдық, компоративтік, локативтік, квалификативтік т.б. аталады. Яғни, бұл бағытта зерттеушінің семантикаға, тілдік бірліктердің мазмұндық жағына мән беретінін байқаймыз.

Түйін сөздер: ұғымдық категория, функционалды-семантикалық зерттеулер, семантика, грамматикалық категория, семасиология, ономасиология.

DOI: 10.32523/2616-6887-2018-124-3-115-121

Кіріспе. Лингвистика тек тіл ғана емес, сонымен қатар тілдік ұғымдар арқылы берілетін ойлау аспектілер жайлы ғылым екені белгілі. Ұғымдық категориялардың элементтерін тек тіл арқылы, тілдік мағыналарды зерттеу және ондағы когнитивтік элементтерді ашу арқылы анықтаймыз. Сондықтан тілдік құрылымдардың ойлау негіздері және олардың өзектілігін арттыру заманауи лингвистикада маңызды әрі даулы мәселелердің бірі ретінде зерттеледі. Функционалды грамматиканың негізі болып табылатын ұғымдық категориялар философтардың, логиктердің, психологтардың, тіл мамандарының, ойлау санаттары мәселелеріне қызығушылық танытатындардың барлығының назарында. Өйткені А.В. Бондарконың сөзімен айтсақ: «тіл білімі ойлау жайлы негізгі ғылымдардың бірі болып бара жатыр» [1, 63 бет].

Мақаланың мақсаты: ұғымдық категорияның анықтамасы мен зерттелуін және тіл біліміндегі рөлі мен функциясын анықтау.

Міндеті:

- ұғымдық категорияның зерттелу тарихын зерделеу;
- ұғымдық категорияның функционалды-семантикалық зерттеулердің негізі екенін айқындау.

Зерттелу тарихы. Ұғымдық категория терминін алғаш тіл біліміне енгізген О. Есперсен [2, 385 бет]. «Грамматика философиясы» еңбегінде О. Есперсен ұғымдық категорияларға

бір тарау арнайды. Оларды жасырын әмбебап категориялар деп: «олардың кейбірі тек тәрізді сыртқы әлем фактілеріне, ал кейбірі ақыл ой жағдайына немесе логикаға жатады. Бұл экстралингвистикалық терминге басқа ортақ атау болмағандықтан, мен оларды сын есіммен ұғымдық деп, зат есіммен ұғым деп атаймын» [3, 55 бет]. Бұл атау олардың жалпы сипаттамасына қарай берілген. «The teaching of grammar» (ауд. «Грамматиканың оқытылуы» (1924) еңбегінде О. Есперсен: «категорияның үш санаты бар: (а) формалды категориялар, (b) синтаксистік категориялар (с) мағына категориялары, біз оларды ұғымдық категориялар деп атаймыз» деген [4].

Ұғымдық категорияны зерттеген Ресей ғалымдары И.И. Мещанинов, С.Д. Кацнельсон, В.Н. Ярцева, М.М. Гухман, А.В. Бондарко сынды ғалымдардың еңбектері өте жоғары бағаланады. Ұғымдық категорияны 17-19 - ғасырлардағы грамматикада философиялық немесе логикалық, 19-20 - ғасырлардағы еңбектерде Г. Пауль сияқты ғалымдар психологиялық, «отологиялық», «тілдік емес», «когнитивтік», «концептуалдық», «семантикалық», «ойлау», «сөйлеу-ойлау» (Кацнельсон) деп те атаған.

И.И. Мещанинов «ұғымдық категория» терминін пайдаланып, ұғымдық категориялардың жүйесін әзірлейді. Логикалық ұғымдық категориялар: субъект, предикат, заттық, атрибутивтік т.б. бастауыш, баяндауыш, есімдер, қимылдар, белгілер мен жағдайдың грамматикалық ұғымын білдіріп, тілде синтаксистік және грамматикалық формаларға ие болады дей келе ғалым, белгілі бір қоғам, тілдегі түсініктер ұғымдық категориялар арқылы беріледі. Бұл ұғымдар тіл арқылы суреттелмейді, тілдің өзінде лексикасы мен грамматикалық құрылымынан көрінеді. Ұғымдық категориялардың да барлығы бірдей аталмыш категорияға жата бермейді. Тек тіл құрылымында тілдік көрініс тапқандары ғана, яғни, лексикалық, морфологиялық немесе синтаксистік жүйеге ие болғандарын ұғымдық категорияға жатқызуға болады. [5, 196 бет]. Мысалы, егер субъект – ұғымдық категория болса, оның грамматикалық ұғымы - бастауыш. Ұғымдық ретінде атрибуттық дегеніміз заттың сипаттауын білдіреді, бірақ тіл жүйесінде сын есім және сан есім арқылы зат есімді грамматикалық тұрғыдан сипаттайды [5, 198 бет]. Осындай анықтама бере отырып И.И. Мещанинов ұғымдық категориялар мәртебесі жөніндегі мынандай пікір айтады: “Олар, ақыр соңында, тілді адамның ойлау жүйесінің жалпы құрылымымен, яғни, логика мен психология категорияларымен де байланыстыратын элемент ретінде қызмет етеді” [6, 15 бет]. И.И. Мещанинов ұғымдық категориялардың екі бағыттылығын көрсетеді: олар бір жағынан әмбебап логикалық және психологиялық категориялар мен заңдарға бағытталып және солар арқылы объективті шындықпен байланысты болса; екінші жағынан тілдік материалға бағытталған және тіл деректерінде көрініс табады. Екіншіден, ұғымдық категориялар логико-психологиялық және тілдік категориялардың арасында аралық жағдайға ие бола отырып, өз мәнінде олардың екеуіне де жатпайды. Ұғымдық категориялардың өзіндік мәртебесі бар. Үшіншіден, ғалымның айтуынша адам санасының «көпқабаттылығы» жөніндегі ой тікелей көрініс тапқан, ондағы әрбір “қабат” көрші «қабаттармен» тікелей байланысты, өзіндік қызметтері болғандықтан салыстырмалы түрде оларға тәуелді емес және бәрімен бірлесе отырып адам менталитетінің біртұтас ғимаратын құрайды.

М.М. Гухман И. И. Мещаниновтың еңбегін жан жақты зерттей келе: «Ұғымдық категория» термині Мещаниновтан бұрын Л. Ельслев пен О. Есперсен еңбектерінде кездеседі, бірақ олар берген анықтамада бұл термин логикалық категорияға теңестіріледі. И. И. Мещаниновтың концепциясында «ұғымдық категория» мазмұны операциялдық бірліктердің иерархиялық жүйесінің компоненті болып табылады. Бұл жүйеге сонымен қатар «грамматикалық ұғым» мен «грамматикалық категория» кіреді. Осы екі модельдің өзара қатынасынан «ұғымдық категория» терминінің мазмұны айқындалады» дейді [7, 6 бет]. Сонымен қатар ғалым ұғымдық категориялардың екі разряды барын, олар 1) лексикада,

2) синтаксис пен морфологияда көрініс табатынын, тек синтаксис пен морфологияда көрінген кезде ғана олар грамматикалық ұғымға айналады дейді [7, 8 бет].

Нәтижелері. Осылайша, ұғымдық категориялар – тіл үшін релевантты, бір жағынан, логико-психологиялық, ал екінші жағынан – тілдің семантикалық категорияларына бағытталған менталды категориялар. Ойлаудың әмбебап заңдарына жанама адам тәжірибесінің нәтижесі бола отырып, олар, өз кезегінде, тілдік жүйенің жалпы жұмыс істеуіне қажетті алғышарт, тілдік семантикалық құрылымдарының негізі болып табылады. Ұғымдық категориялар генетикалық тұрғыда тілдік категориялардың “алдын орайды”, олардың алдында жүреді деуге болады, сонымен бірге, ұғымдық категориялардың гетерогенділігін де ескеру қажет. Сондықтан, егер сандық ұғым категориясы санада қалыптасып, одан кейін тілде ақиқат шынайылық нысандарының сандық параметрлерінің көрінісі нәтижесінде рәсімделсе, ал модальдылық – әсіресе, оның аксиологиялық түрі сияқты ұғымдық категориялар шынайылықтан емес, адам санасының белсенділігіне, оның сыртқы ортамен айтарлықтай күрделі және көп бағытты өзара әрекеттесу қабілетіне байланысты болады.

Сананың дискретті элементтері сияқты ұғымдар ұғымдық категориялар деп аталатын күрделі құрылымдарға топтастырылады. Ойлау құрылымы ұғымдар мұқаммалы мен байланысшы ойлау түзілістерін тудыратын сөйлеу (синтаксистік) механизмдерімен анықталады деген С.Д. Кацнельсон сандық ұғымдарды дискретті және дискретті емес деп топтастырады. Дискретті элементтерге әлемде көптеп кездесетін заттар, мысалы: таулар, көлдер, өзендер, теңіздер жатса, дискретті емес элементтерге сыңары жоқ, яғни жер, ай, плутон сияқты жалғыз заттар жатады [8, 449 бет]. Ұғымдық категорияларды зерттеу салғастырмалы немесе салыстырмалы типология аясында айрықша маңызға ие. Тілдер туыстық жақындығына қарамастан салыстырылады. Олардағы ұқсас және ұқсас емес құбылыстарды, яғни, ономаксиологиялық қырынан семантикалық сипатқа ие құбылыстарды анықтау өзекті мәселе ретінде ұсынылады.

Ұғымдық категориялар жалпы сипаттағы ұғымдық элементтерге ие болғандықтан, сөздердің өте ауқымды сыныбын қамтиды. О. Есперсеннің грамматикалық концепциясын сипаттай отырып, Ю. А. Левицкий мен Н. В. Боронникова: «белгілі бір тілдің құрылымын анықтайтын грамматикалық категориялардан бөлек, тәуелсіз тілдік емес категорияларды кездестіреміз» дейді [9, 30 бет]. А.В. Бондарко семантикада екі деңгейді, яғни ұғымдық мазмұндағы категория және тілдік мазмұндағы категорияны ажырату керектігін айтады. Тілдік мазмұнға сөздің лексикалық мағынасы, сөзжасамдық мағынасы, лексико-грамматикалық разрядтық, сөз табындағы, грамматикалық форма мен конструкциялық, морфологиялық және синтаксистік мағынасы жатады. Тілдік мазмұнды ұғымдық мазмұнсыз елестету мүмкін емес. Екеуі бірге, қатар жүреді. Сонда ұғымдық мазмұнды бөліп қарауға «тілдік бірліктері (тілдік мазмұн) бойынша әр түрлі, алайда бір ұғымдық инвариантқа ие айтылымдардың» болуы себеп болған [1, 58 бет]. Яғни, жасалу жолы бойынша, түрлі болғанымен, мағынасы, мазмұны жағынан ұқсас айтылымдар. Сондай ақ, ғалым нақты ұғымдық (логикалық, ойлау) категориялар мен солар арқылы белгіленетін функционалды-семантикалық өрістер сияқты екіжақты тілдік бірліктердің арасын ашып алуды қажет деп есептейді. Бұл өрістерге белгілі бір тілдің интерпретациясындағы семантикалық элементтер және сондай-ақ дәл осы тілдің болмысы тұрғысының нақты элементтері кіреді. Содан осы өрістерді үстіртін деңгейдегі бірліктер ретінде түсіндіреді, алайда, бұл тереңдік деңгеймен байланыс жоқтығын білдірмейді.

Ұғымдық категориялар өздері нақты тілдік ерекшелігі жоқ ортақ мәндегі нұсқа ретінде жүзеге асатын терең семантикаға қатысты алғанда да, белгілі бір тілдің немесе тілдер тобын басқа тілдерден айрықшалап тұратын өзіндік ерекшелігін құрайтын үстіртін семантикаға қатысты алғанда да функционалды белсенді рөл атқарады [10, 12-13 беттер]. Тағы бір еңбегінде А.В. Бондарко ұғымдық категорияларды да жіктеу

қажеттілігі туралы ойға келеді. Ғалым олардың екі түрін бөліп көрсетеді: облигаторлық және әмбебап болып табылатын негізі ұғымдық категориялар және негізгі емес – факультативтік және әмбебап емес категориялар [11, 78 бет]. Семантикалық және ұғымдық категорияларды осылай бөлу, зерттеу нысанының мұқият талдануы мен ғалымның адамға тікелей сезімдік қабылдаумен берілмеген мазмұндар арасындағы жүйелі қарым-қатынастардың бүкіл күрделілігі мен жан-жақтылығын жете түсінгенін көрсетеді.

Н.А. Кобрин тілдік формалар мен ұғымдық категориялардың ара қатысының біркәнді еместігіне назар аударады. Бұл сәйкесу тілдің түріне өте тәуелді. Синтетикалық тілдерде ұғымдық категория мен сөйлеу формасы беку түріне сәйкес келеді: бір ұғым – бір немесе бірнеше форма. Оқшау үлгідегі тілдердегі сәйкестік басқаша: бірнеше ұғым – бір тілдік форма. Ұғымдық жоспар мен тіл көрінісінің жоспары ара қатысының сәйкессіздігі тілдің түрі анықталған жағдайда функционалды мәні бар немесе тілдердің айырмасы ұғымдық категориялар мен сөйлеу формаларының әрқилы сәйкестігіне әкеледі [12, 43-44 беттер].

Н.А. Кобринаның көзқарасы бойынша, семантикалық мазмұн ұғымдық категориялар мазмұнынан айтарлықтай алшақ емес және кей жағдайларда «ұғымдық мазмұнның баламасы ретінде қарастырыла алады. Алайда, семантиканың ұғымдық категориялардан гөрі аясы тар, нақтырақ және ұғымдық категорияда семантикалық тұрғыда айқын көрініс таппайтын экспрессивтілік, эмоционалдылық, бағалауыштық пен модальдылықтың кейбір түрлері бар» [12, 45 бет]. Құрылымдық (сентенционалды және фразалық) деңгейде құрылымның құрамды элементтері болып табылатын ұғымдық категория-конструктілер ерекшеленеді. Бұл ұғымдық категориялар тілдік деңгейде сөйлем мүшелері ретінде баса көрсетіледі. Барлық ұғымдық категориялар тілдің түрлі аспектілері мен деңгейлеріне бағдарланған және сатылы жүйені қалыптастырады. Ұғымдық категориялар бүкіл тіл жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі үшін қажетті шарт болып табылады. Тілдің деңгейлік және аспектілі ұйымдастырылуы бар, әр деңгей мен аспектінің ұғымдық салаға қатысы әрқалай. Фонетикалық деңгейдің бірлік саны мен ауқымы артикуляциялық аппараттың мүмкіндіктерімен анықталып, жалпы алғанда ұғымдық сала бірліктеріне сәйкес келмейтін болса, тілдің лексикалық жүйесінің бірліктері ұғымдар қорымен үнемі сәйкесіп отырады.

Қорытынды. Ұғымдық категория болмыстың адам санасындағы көрінісі. Адам атаулының өмір жайлы ұғым-түсініктерінің ортақ екенін ескерсек, ұғымдық категория да жалпыға бірдей болады. Ол тілге бағынышты емес, керісінше, тіл ұғымдық категорияға негізделеді. Яғни, тілдік категориялар ұғымдық категорияны көрсетеді. Мысалы уақыт жайлы түсінік уақыт (темпоралдылық), таксис, аспектуалдық, сан есім, локалдылық сындық категориялар арқылы көрінеді. «Қазақ тілінде объективті уақыт «уақыт», «заман», «кезең» деп аталады, ал тілде бұл ұғымдар «шақ» лексемасымен беріледі, сондықтан тілдік уақыт «осы шақ, «өткен шақ», «келер шақ» деп аталады» [13, 31 бет]. Қазақ халқы тілдік уақыт пен объективті уақытты бөліп қараған.

Формалды семасиологиялық аспекте грамматикалық категориялар шақ категориясы, жақ категориясы, тәуелдік категориясы, септік категориясы, салыстырмалы шырай категориясы деп аталса, мазмұндопық ақиқатты білдіретін тілдік бірліктердің ұғымдық семантикалық сипаттамасын ескере келе жоғарыдағы категориялар темпоралдық, поссессивтік, персоналдық, компоративтік локативтік, квалификативтік т.б. аталады. Латын терминдерін пайдалану зерттеушінің назарын семантикаға, тілдік бірліктердің мазмұндық жағына мән беруі керектігінің тағы бір дәлелі.

Әдебиеттер тізімі

1. Бондарко А.В. Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии. - Л.: Наука, 1983. – 208 с.

2. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: «Совесткая энциклопедия», 1990. – 684 с.
3. Есперсен О. Философия грамматики. – М.: Иностран. лит., 1958.-55с.
4. Самарин Д.А. Понятийные категории Отто Есперсена в истории лингвистической науки [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <http://cyberleninka.ru> (дата обращения: 01.08.2018)
5. Мещанинов И.И. Члены предложения и части речи.- Л.: Наука, 1945. - 321 с.
6. Мещанинов И.И. Новое учение о языке на современном этапе развития// Русский язык в школе. - 1948. - № 6.- С.10-17.
7. Гухман М.М. Понятийные категории, языковые универсалии и типология // Вопросы языкознания. - 1985. - №3. – С. 3-11.
8. Кацнельсон С.Д. Категории языка и мышления. Из научного наследия. -М.: Языки славянской культуры, 2001.– 864 с.
9. Левицкий Ю. А., Боронникова Н. В. История лингвистических учений. - М.: Директ-Медиа, 2013. - 525 с.
10. Бондарко А.В. О некоторых аспектах функционального анализа грамматических явлений Функциональный анализ грамматических категорий. - Л.: ЛГПИ им. А. И. Герцена, 1985. –145 с.
11. Бондарко А.В. Теория морфологических категорий. - Л.: Наука, Лен. отд-ие, 1976. – 255 с.
12. Кобрина Н.А. Понятийные категории и их реализация в языке // Понятийные категории и их языковая реализация. Межвузовский сб. научных трудов, Ленинград, 1989. – Ленинград, 1989. - С. 40-49.
13. Шаймердинова Н.Г. Средства выражения времени в русском и казахском языках (функциональный аспект). – А.: ЕНУ, 2002. – 140 с.

Н.Г.Шаймердинова¹, Н.Р. Балабекова², Г.М.Адамбаева³

¹*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан*

³*Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, Актау, Казахстан*

Исследование и функции понятийной категории

Аннотация. Одной из актуальных проблем является исследование языка в функциональном аспекте. Понятийная категория, которая является основой функционально-семантических исследований, в настоящее время привлекает внимание всех, кого интересует мышление человека. Ибо в последнее время языкознание является одной из основных наук мышлений и понятий. Целью статьи является определение и исследование понятийных категорий, также их роль и функции в языкознании. Задачи: раскрыть понятийную категорию как базу функционально-семантических исследований. Термин «понятийная категория» впервые введен в языкознание О.Есперсеном, впоследствии И.И. Мещанинов развил и разработал систему «понятийных категорий». Также такие ученые как С.Д. Кацнельсон, В.Н. Ярцева, М.М. Гухман, А.В. Бондарко занимались данной проблемой и проводили исследовательские работы. Понятийная категория - это отражение бытия в человеческом сознании. Так как понятие и взгляды людей к жизни похожи, понятийная категория для всех одинакова. Однако она не зависит от языка, напротив язык основывается на понятийных категориях. Если в семасиологическом аспекте грамматические категории называются категорией лица, категорией принадлежности, категорией падежа и категорией сравнительной степени, то в ономазиологическом аспекте вышеуказанные категории называются темпоральными, персональными, поссессивными, компоративными и т.д. Можно заметить, что в последнем случае исследователь обращает внимание на семантику и содержательную сторону языковых единиц.

Ключевые слова: понятийная категория, функционально-семантические исследования, семантика, грамматические категории, семасиология, ономазиология.

N.G. Shaymerdinova¹, N.R. Balabekova², G.M. Adambayeva³

^{1,2} *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

³ *Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh. Esenov, Aktau, Kazakhstan*

Research and conceptual category function

Abstract. One of the topical problems is the study of language in a functional aspect. The conceptual category which is the basis of functional-semantic research now attracts the attention of all who are interested in human thinking. For lately linguistics is one of the basic sciences of thinking and concepts. The purpose of the article is to define and study conceptual categories, as well as their role and functions in linguistics. Objectives: to expose the conceptual category as a basis for functional-semantic research. The term “conceptual category” was first introduced into linguistics by O. Espersen, then I.I. Meshchaninov developed a system of “conceptual categories”. Also, such scientists as S.D. Katznelson, V.N. Yartseva, M.M. Gukhman, A.V. Bondarko dealt with this problem and carried out research work. Conceptual category is the reflection of being in human consciousness. Since the concept and views of people to life are similar, the conceptual category is one and the same. However, it does not depend on language, on the contrary language is based on conceptual categories. If in the semasiological aspect the grammatical category is referred to as the category of a person, the category of belonging, the category of case and the category of comparative degree, then in the onomasiological aspect the above categories are called temporal, personal, obsessive, comparative, etc. It can be noted that in the latter case the researcher pays attention to semantics and the content side of linguistic units.

Key words: conceptual category, functional-semantic research, semantics, grammatical categories, semasiology, onomasiology.

References

1. Bondarko A.V. Principy funkcional'noj grammatiki i voprosy aspektologii [Principles of functional grammar and questions of aspectology] (Science, Leningrad, 1983).
2. Lingvisticheskij jenciklopedicheskij slovar' [Linguistic encyclopedic dictionary] (Sovetskaya Encyclopedia, Moscow, 1990).
3. Espersen O. Filosofija grammatiki [Philosophy of grammar] (Inostr. lit., Moscow, 1958).
4. Samarin D.A. Ponjatijnye kategorii Otto Espersena v istorii lingvisticheskoy nauki [Conceptual categories of Otto Espersen in the history of linguistic science] Available at: <http://cyberleninka.ru> (accessed: 01.08.2018).
5. Meshchaninov I.I. Chleny predlozhenija i chasti rechi [Members of the sentence and parts of speech] (Science, Leningrad, 1945).
6. Meshchaninov I.I. Novoe uchenie o jazyke na sovremennom jetape razvitija [New doctrine of language at the present stage of development], *Russkij jazyk v shkole* [Russian language at school], **6**, 10-17 (1948).
7. Gukhman M.M. Ponjatijnye kategorii, jazykovye universalii i tipologija [Conceptual categories, linguistic universals and typology]. *Voprosy jazykoznanija* [Questions of linguistics], **3**, 3-11 (1985).
8. Katznelson S.D. Kategorii jazyka i myshlenija. Iz nauchnogo nasledija [Category of language and thinking. From the scientific heritage]. (Languages of Slavic Culture, Moscow, 2001).
9. Levitsky Yu. A., Boronnikova N.V. Istorija lingvisticheskikh uchenij [History of linguistic teachings]. (Direct-Media, Moscow, 2013).
10. Bondarko A.V. O nekotoryh aspektah funkcional'nogo analiza grammaticheskikh javlenij [On some aspects of functional analysis of grammatical phenomena]. *Funkcional'nyj analiz grammaticheskikh kategorij* [Functional analysis of grammatical categories]. (Science, Len.Det., Leningrad, 1985).
11. Bondarko A.V. Teorija morfologicheskikh kategorij [Theory of morphological categories]. (Science, Leningrad, 1976).

12. Kobrina N.A. Ponjatijnye kategorii i ih realizacija v jazyke [Conceptual categories and their implementation in the language]. Ponjatijnye kategorii i ih jazykovaja realizacija [Conceptual categories and their language implementation]. Mezhvuzovskij sb. nauchnyh trudov [Intercollegiate collection scientific works]. Leningrad, 1989, pp. 40-49.

13. Shaimerdinova N.G. Sredstva vyrazhenija vremeni v russkom i kazahskom jazykah (funkcional'nyj aspekt) [Means of expressing time in Russian and Kazakh languages (functional aspect)]. (ENU, Astana, 2002).

Авторлар жайлы мәліметтер:

Шәймердинова Н.Ф. – түркітану кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Балабекова Н. Р. – түркітану кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі 2, Астана, Қазақстан.

Адамбаева Г.М. – тілдік пәндер кафедрасының доценті, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар мен инжиниринг университеті, 32-шағын аудан, Актау, Қазақстан.

Shaymerdinova N.G. – Doctor of Philology, Professor of Turkology Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., Astana, Kazakhstan.

Balabekova N.R. – doctorate student of the chair of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satbaev street 2, Astana, Kazakhstan.

Adambaeva G.M. - Associate Professor of the Department of Language Objects, Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh. Esenov, Aktau, Kazakhstan.